

«Павлодар облысының үздік қосымша білім беру әдіскері» облыстық конкурсының ережесі

1. Конкурстың жалпы ережелері

Бұл ереже «Павлодар облысының үздік қосымша білім беру әдіскері» облыстық конкурсына (бұдан әрі - Конкурс) қатысу және оны өткізу ережесін анықтайды.

Конкурс Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын: «Төртінші өнеркәсіп революциясы жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» (10.01.2018 ж.) және «Қазақстандықтардың әл-әуқатының өсуі: өмір сапасы және табысының артуы Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» (05.10.2018ж.) іске асыру шеңберінде өткізіледі.

1.1. Конкурс қосымша білім беру қызметкерлерінің озық педагогикалық идеяларын тарату және таныту, заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін қолданудың тиімді практика түрлерінің бірі болып табылады.

1.2. Конкурсты өткізу қосымша білім беру ұйымын дамуына және үздік педагогикалық идеялардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал жасайды. Конкурс қосымша білім беру әдіскерлерінің кәсіби және ақпараттық – коммуникативтік біліктілігін арттырады, ал үздік әдіскерлер қоғамдық танымалдыққа (құрметке) ие болады.

1.3. Конкурстың ұйымдастырушысы Павлодар облысының әкімдігі, Павлодар облысы Білім беру басқармасының «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК, Павлодар облысы Білім беру басқармасының қолдауымен (бұдан әрі - «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы»).

1.4. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті), оның құрамын, Конкурсты ұйымдастыру және өткізуге жауапты, «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының» Әкімшілігі және әдістемелік бөлім қалыптастырады.

1.5. Ұйымдастыру комитетінің Төрайымы «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының» басшысы болып табылады.

1.6. Келіп түскен бейнематериалдарды бағалау мақсатында Сараптау кеңесі құрылады, оны шет білім беру ұйымдарынан жиналған білікті мамандар құрайды.

1.7. Ұйымдастыру комитеті Конкурсты ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес әрекет етеді және Сараптау кеңесінің жұмысын қамтамасыз етеді.

2. Конкурстың мақсаты және міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты – қосымша білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін әдіскерлердің кәсіби шеберлік деңгейі мен шығармашылық әлеуетін арттыру. Конкурс қосымша білім беру ұйымдарында ізденіспен жұмыс істейтін, дарынды әдіскерлерді анықтау, қолдау, педагогикалық инновациялар, педагогикалық тәжірибені тарату және тәжірибе жинақтаудың түрлерін жетілдіруге бағытталған.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- қосымша білім беру әдіскерінің мәртебесін нығайтуға және оның абыройын арттыруға ықпал жасау;
- үздік педагогикалық идеялар мен практикаға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- қосымша білім беру қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін дамыту;
- ҚР виртуалды білім беру кеңістігінде қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған үздік әдістемелік әзірлемелер қорын көбейту.

3. Конкурсты өткізудің тәртібі, түрі және мерзімі

Конкурс 2019 жылғы 18 қарашадан 2020 жылғы 23 қаңтарға дейін екі кезеңмен өткізіледі: іріктеу және облыстық.

Конкурс келесідей номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Үміт» номинациясы- 3 жылдан 5 жылға дейін педагогикалық еңбек өтілі бар әдіскерлер;

- «Шеберліктің шыңы» номинациясы - 6 жылдан 15 жылға дейін педагогикалық еңбек өтілі бар әдіскерлер;

- «Шоқжұлдыз» номинациясы - 16 жыл және одан көп педагогикалық еңбек өтілі бар әдіскерлер;

1 кезең. Іріктеу (дистанциондық), екі конкурстық тапсырмадан тұрады

1 тапсырма **Конкурсқа қатысушының өзі-өзін таныстыруы (Самопрезентация).**

2.тапсырма **Шеберлік сабақ.**

Конкурсқа қатысушылар бейне материалдарын ұйымдастыру комитетіне мына электрондық мекенжайға жібереді: metodotdelDSH@mail.ru. 2019 жылғы 18 - 29 қараша

2 кезең – Облыстық «Әдістемелік шеберлік» - 2020 жылғы 23 қаңтар, ол үш конкурстық тапсырмадан тұрады

1 тапсырма **Авторлық оқу құралымен таныстыру**(ұсынымдар, ескертпелер, әзірлемелер, құралдар және т.б.)

2 тапсырма . **Шығармашылық тапсырма**

3 тапсырма . **«Даңқ минуты»** -конкурс қатысушыларының актерлік және шығармашылық әлеуетін көрсетуі

Конкурстың екінші кезеңіне іріктеу кезеңнен өткен қатысушылар қатысады.

4. Конкурстың тілі

Қазақ, орыс, ағылшын.

5.Бейнематериалдың мазмұны және түрі:

Бейнематериалда тұжырымдамалық педагогикалық идея болуы тиіс, яғни кәсіби педагогикалық тәжірибенің бір қыры немесе жағының инновациялық идеясын білдіретін қысқаша қорытынды ой.

-шеберлік сабақ *(өзгеше оқыту әдісі және маманның белгілі бір шығармашылық педагогикалық салада өткізетін практикалық шеберлікті жетілдіру бойынша нақты сабақ).*

6. Конкурсқа қатысудың тәртібі

6.1.Конкурсқа үш номинация бойынша, қай ведомость және меншіктік түріне жататына қарамастан, білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметкерлері қатысады.

6.2. Жіберілетін бейнематериалдар саны қатысушы санымен анықталады. Әр бейне-материалға конкурсқа қатысу өтінішін толтыру қажет (Қосымша).

6.3. Конкурсқа бұрын басқа конкурсқа қатыспаған, ғаламтор желісінде жарияланбаған бейнематериалдар қабылданады.

6.4. Әдіскер қорғайтын бейнематериал қосымша білім беру ұйымының қолдауымен немесе бірлесіп жасалуы мүмкін.

7. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Конкурсты ұйымдастыру үш кезеңмен өткізіледі.

7.1. Бірінші кезең – даярлық, оған мыналар жатады:

7.1.1 Ұйымдастыру комитетін құру (бұдан әрі- Ұйымдастыру комитеті);

7.1.2 Сараптау кеңесін құру;

7.1.3 Ұйымдастыру комитетінің Конкурсқа дайындық және оны өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

7.1.4 Облыс педагогтерін конкурсқа тарту және көпшілікке жариялау шеңберінде жарнама өнімін жасау және тарату;

7.2. Екінші кезең – оған келесідей жұмыс түрлері жатады:

7.2.1. Ұйымдастыру комитеті конкурсқа қатысу үшін өтінімдер және конкурстық материалдар жинайды;

7.2.2 Конкурсқа қатысуға өтінімдер және конкурстық материалдар жинау кезеңі аяқталған соң барлық материалдар Сараптау кеңесіне жіберіледі;

7.2.3. Сараптау кеңесі бағалау өлшемдеріне сәйкес конкурстық жұмыстарды бағалайды және әр номинация бойынша үздік жұмыстарды «Әдістемелік шеберлік» кезеңіне қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне ұсынады.

7.3. Үшінші кезең – оған жұмыстың келесідей түрлері жатады:

7.3.1. Ұйымдастыру комитеті үш номинация бойынша конкурстық жұмыстардың бірыңғай тізімін қалыптастырады;

7.3.2.Конкурстың қазылар алқасы бағалау өлшемдеріне сәйкес үздік әдіскерді анықтайды

7.4. Конкурстың қорытындысы Павлодар облысының Білім беру басқарамасы және «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының» сайтына жарияланады.

7.5. Авторлық құқық.

Конкурс қатысушысы конкурсқа қатысатын бейненің кез келген түрде және кез келген тәсілмен пайдалануға жеке авторлық құқығы бар екендігіне кепілдік береді. Конкурс қатысушылары үшінші адамның авторлық құқығын бұзғаны үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Конкурс қатысушысы конкурсқа ұсынған бейнеге және конкурста пайдаланған интеллектуалды жұмыстың нәтижесіне байланысты үшінші тараптың наразылығын өзінің жеке есебінен және өз күшімен реттеуге міндетті.

Автор жұмысын конкурсқа жібере отырып, конкурс ұйымдастырушыларына автоматты түрде жіберілген материалдарды қалауларынша, шектеусіз мерзімге, өтеусіз пайдалану құқығын береді, оның ішінде (шектеусіз) бейнені көпшілікке тарату, ғаламтор желісінде жариялау, телебағдарламаларда көрсету, шығармашылық жобаларға енгізу, БАҚ жариялау, одан әрі көбетіп тарату, шығармашылық өңдеу және т.т.б.). Конкурсқа жіберілген жұмыстар (бейнематериалдар) қайтарылмайды және оларға рецензия берілмейді.

Конкурсқа қатыса отыра, қатысушы конкурс ұйымдастырушыларына өзінің дербес деректерін пайдалануға және өңдеуге өзінің келісімін береді (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық поштасының мекенжайы, бейнесі (фотография),жұмыс орны).

8. Конкурсты бағалау өлшемдері:

8.1. Педагогикалық идея: педагогикалық идеяның ашылуы –автор жеке педагогикалық практикасында қолданатын технология, тұжырымдама, педагогикалық ережелердің бейнематериалда көрініс табуы;

8.2. Өзектілігі , білім берудің заманауи талаптарына сәйкестігі;

8.3. Тәжірибеге бағдарлануы;

8.4. Материалдың әдістемелік құндылығы;

8.5. Педагогикалық идеяның универсалдылығы – педагогикалық идеяны басқа жағдайда түрлі категориядағы білім алушыларға пайдалану мүмкінділігі;

8.6. Автордың тіл мәдениетін сақтауы – тілдік және басқа да мәнерлеп оқу тәсілдерін пайдалануы, сөйлеудің фонетикалық ұйымдастырылуы, екпіннің дұрыстығы, дикцияның айқындығы, арнайы терминология мен белгілерді орынды пайдаланылуы және т.т.б.;

8.7. Сюжеттік сызықты құру логикасы (сюжет жасау, мәселе қою/мәселе, мәселенің шешуі);

8.8. Оқу материалы мазмұнының көзбен шолу қатарына сәйкестігі;

8.9. Көзбен шолу қатарының сапасы;

8.10. Дыбыспен қолдау сапасы .

8.1. – 8.10 пунктерінің әрқайсысына 0 ден 2 ұпайға дейін беріледі (0 ұпай-бағалау көрсетілмеген, 1 ұпай-жартылай көрсетілген, 2 ұпай-толықтай көрсетілген).

9. Конкурстық жұмысқа қойылатын талаптар:

9.1 мазмұны:

- конкурстық жұмыс мазмұнының конкурс талаптарына сәйкестігі;
- ҚР МЖБС сәйкестігі;
- корректность использования арнайы терминологиялар мен белгілердің орынды пайдаланылуы.

9.2 Бейнематериалдардың техникалық сипатыв:

- өлшемі HD (1280x720) дан Full HD (1920x1080) дейін;

- формат *.mp4.;

- Бейнематериалдардың хронометражы 15 минутқа дейін.

9.3 басқа аудио және бейне контент өндірушінің авторлық құқығының сақталуы

9.4 Жолдама құжаттар:

- Конкурсқа қатысуға өтініш (қосымша)1;

10. Конкурстың облыстық кезенінің жүлде қоры:

1, 2, 3 дәрежелі жеңімпаз Дипломы және қатысқаны үшін сертификат.

Орынд. Жабагина Райхан Мағжанқызы

Байланыс телефоны: 651296

**«Павлодар облысының үздік қосымша білім беру әдіскері»
облыстық конкурсына қатысуға өтініш**

№	Негізгі параметрлер	Параметрлердің шешуі
1	Бейнематериал/ файлдың аты:	
2	Номинация (Ереже, 3т.)	
3	Бейнематериалдың қысқаша сипаттауы(30 сөзден аспауы тиіс)	
4	Автордың Т.А.Ә.(толығымен)	
5	Лауазымы	
6	Білім беру ұйымының аты	
7	Білім беру ұйымының мекенжайы	
8	Электрондық мекенжайы	
9	Байланыс телефоны	

